

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«ЗАМАНАУИ ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ»**
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
27 мамыр 2022 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
**«УСТОЙЧИВОСТЬ ЭКОНОМИЧЕСКИХ СИСТЕМ В УСЛОВИЯХ
ГЛОБАЛЬНЫХ ВЫЗОВОВ СОВРЕМЕННОСТИ»**
27 мая 2022 г.

PROCEEDINGS
International scientific and practical conference
**«SUSTAINABILITY OF ECONOMIC SYSTEMS UNDER CONDITIONS OF
MODERN GLOBAL CHALLENGES»**
27 May 2022

Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Нур-Султан, Казахстан
Nur-Sultan, Kazakhstan

УДК 330
ББК 32
3-21

Редакционная коллегия:

Заведующая кафедрой «Туризм» к.э.н., профессор Муталиева Л.М.
Ответственная за НИР кафедры «Туризм» к.э.н., ассоциированный профессор Мусина К.П.
К.э.н., доцент кафедры «Туризм» Акишева А.С.

3-21 **Заманауи жаһандық сын-қатерлер жағдайындағы экономикалық жүйелердің тұрақтылығы:** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. еңбектер жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022.

Устойчивость экономических систем в условиях глобальных вызовов современности: Сб. трудов межд. научно-практической конф. – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**Sustainability of economic systems under conditions of modern global challenges**» Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2022.

ISBN 978-601-337-680-6

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбек жинағында Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі жаһандық сын-қатерлер жағдайында экономикалық жүйелердің орнықтылығын қамтамасыз етудің өзекті аспектілері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены актуальные аспекты обеспечения устойчивости экономических систем в условиях глобальных вызовов в Республике Казахстан и за рубежом.

The proceedings of the international scientific and practical conference consider topical aspects of ensuring the sustainability of economic systems in the face of global challenges in the Republic of Kazakhstan and abroad.

**УДК 330
ББК 32
3-21**

ISBN 978-601-337-680-6 © Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

Конференция Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Ресей халықтар достығы университетінің Қонақ үй және туризм Институты, Шота Руставели атындағы Батуми мемлекеттік университеті, Ташкент Мемлекеттік Экономикалық университеті, М. Рысқұлбеков атындағы Қырғыз экономикалық университеті және Бұқара Мемлекеттік Университеттерімен бірлесіп ұйымдастырылды.

Конференция организована Евразийским национальным университетом им. Л.Н. Гумилева совместно с Институтом гостиничного бизнеса и туризма РУДН, Батумским государственным университетом имени Шота Руставели, Ташкентским Государственным Экономическим университетом, Кыргызским экономическим университетом им. М. Рысқұлбекова, Бухарским Государственным Университетом.

The conference was organized by L.N. Gumilyov Eurasian National University together with the Institute of Hotel Business and Tourism of the Peoples' Friendship University of Russia, Batumi Shota Rustaveli State University, Tashkent State Economic University, Kyrgyz Economic University named after Musa Ryskulbekov, Bukhara State University.

Материалы публикуются в авторской редакции. Редакционная коллегия не несет ответственность за достоверность информации, приводимой авторами.

тәуекелдеріне ұшырайтын салаларды анықтауға болады. Мониторинг барысында сондай-ақ осы көрсеткіштің ДТ кезіндегі серпінін талдау қажет.

Жүйенің тұрақтылығын бақылауды және рұқсат етілген мәндерден тыс тұрақтылық мәндерінің ықтимал шығарындыларын болжауды жүзеге асыра отырып, экономикалық жүйенің жұмыс істеу тиімділігін бақылау алгоритмін қамтамасыз ету.

Экономикалық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселесін шешуге жүйенің жұмыс параметрлерін белгілі бір тиімділік диапазонында ұстап тұруға мүмкіндік беретін элементтер, байланыстар мен процестер арасындағы динамикалық тепе-теңдік күйін сақтау идеясына негізделген тұрақтылықты басқарудың жаңа тұжырымдамасын қалыптастыру арқылы қол жеткізуге болады. Басқарудың жаңа тұжырымдамасы тұрақтылықты басқарудың арнайы контурын (ішкі жүйесін) бөлуді көздейді, онда сыртқы ортаның белгісіздігі мен серпінділігінің өсуі жағдайында экономикалық жүйелердің орнықтылық шекараларын талдау, бағалау және мониторингтеу рәсімі маңызды орын алуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Изард У. Методы регионального анализа: введение в науку о регионе [Текст] / У. Изард. - М.: Прогресс, 1966. - 659 с.

2. Шнипер Р.Н. Регион: экономические методы управления [Текст] / Р.И. Шнипер. Новосибирск: Наука, 1991. - 308 с.

3. Қазақстанның ЖҰӨ нің құрылымы мен динамикасы. Қазақстан экономикасының ағымдағы тенденциясы туралы бюллетень URL: <https://ac.gov.ru/files/publication/a/21974.pdf> (Дата обращения 13.05.2022).

Туристік дестинациялардағы экологиялық мәселелер

Жанділла Б.Д¹, Шохан Р².

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,
Қазақстан Республикасы

E-mail: bimerei@mail.ru¹, roza-shokan@mail.ru²

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде түрлі бағыттағы мәдени-саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістердің жүзеге аса бастағандығы белгілі. Сондай түбегейлі өзгеріс еліміздегі туризмнің де кең көлемді жүзеге асуына жол ашты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында туризмнің, соның ішінде эко және этнотуризмнің дамуына ерекше көңіл бөлуді тапсырды.

Дегенмен, Қазақстанда туристік дестинацияларды қалыптастырып, бәсекеге қабілетті ірі туристік орталықтар құруда кездесетін мәселелер де жоқ емес. Олар алдымен елдегі инфрақұрылымның жеткілікті деңгейде дамымауы,

елдің туристік әлеуеті туралы нақты ақпараттардың әлемдік аренада таралмауы, сервистік қызмет көрсетуге маманданған кадрлардың жетіспеушілігі, орналастыру, тамақтандыру және т.б. туристік орталықтардағы басты нысандардың халықаралық сапа стандарттарына сай келмеуі секілді кедергілерді біріктіреді. Сондай-ақ, туристік дестинациялардың тұрақты даму қағидаларына сай құрылмауы да басты мәселе болып табылады.

Туризм индустриясының басты элементі туристік дестинация болып табылады. Себебі, туристік агенттікке келген әрбір турист демалу нысанын территория көлеміне тәуелсіз таңдайды. Біріне – ол ел, басқаларға – аудан, үшіншілерге – нақты бір елді мекен болуы мүмкін. Сондықтан тұтынушының қызығушылықтарын назарға ала отырып, туроператор оларды нақты туристік дестинацияға бағыттауы қажет. БҰҰ жанындағы Бүкіләлемдік туристік ұйымның анықтамасына сәйкес, туристік дестинация турист кем дегенде 1 түн тұрақтайтын физикалық кеңістік. Дестинация оның нарықтық бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын имидж бен түсінікке және дестинация менеджменті жүйесі анықтайтын физикалық және әкімшілік шектеулерге ие [1].

Тұрақты даму қағидаларына туризмнің экологиялық, экономикалық және әлеуметтік-мәдени аспектілері жатады, яғни осы үш аспект арасында баланс қалыптастыра отырып, туристік дестинацияның ұзақмерзімді тұрақты дамуына кепілдік беруге болады. Дегенмен, қазіргі таңда отандық туристік дестинациялардың басым көпшілігі ұзақмерзімді тұрақты даму қағидаларын елемей, барынша көп туристер тартуға күштерін салуда, бұл өз кезегінде сол жердің түпкілікті нашарлап, құлдырауына алып келуі мүмкін. Келушілер санының қарқынды өсуі жергілікті жер инфрақұрылымы мен қоршаған ортаға кері әсерін тигізіп қана қоймай, туризмнің жүйесіз дамуына себеп болады, ал оның салдары белгілі бір деңгейде елеусіз қала бермек.

Нәтижесінде қысқа мерзімді «сәттілікке» жергілікті жер тұрғындары, экожүйе, жабайы табиғат пен мәдени ресурстардың бүлінуі есебінен қол жеткізіледі. Сәйкесінше дестинация өзінің тартымдылығын жоғалтады. Сондықтан, дестинацияларды жобалау барысында келушілер санын арттыруға басты назар аударудың орнына туризмнің қоршаған орта мен қоғамға тигізетін ұзақмерзімді әсерін қарастыру керек. Қысқаша айтқанда, «туризмнің бүгінгі дамуы ертеңгі елдің әл-ауқатына қалай әсер етеді?» деген сұраққа жауап іздеуіміз қажет.

Туризм әлемдегі ең ластаушы салалардың бірі болып табылады. Мысалы, ол жаһандық парникті газдар шығындарының 8 пайызын өндіреді [2]. Ал бүкіләлемдік жылынудағы туризмнің үлесі 12,5%, сондай-ақ, қоршаған ортаға жылына 35 миллион тоннадай қалдықтар шығарады [3]. Тек бір туристі бір тәулікке орналастыру үшін кететін су шығыны орта есеппен 300 литрді құрайды [3]. Технологиялық даму үдерісінің ресурстарды пайдалану мен қалдықтар санын азайтуға біртіндеп өзгеріс әкелуі екіталай [4]. Ал туристер саны жылдан жылға ұлғаюда, короновирустық шектеулер болған соңғы екі жылды есепке алмағанда, жалпы туризм индустриясының жыл сайынғы өсуі 5% [5].

Туризмнің қоршаған ортаға тигізер зияны туралы бірнеше онжылдықтар бойы жазылып келе жатыр. «Тұрақты туризм» журналының бірінші

редакцияланған мақаласында редакторлар экологиялық тұрақты туризм туралы академиялық пікірталастардың алғашқыларынан бастап Криппендорф, Циммер, Глауберге (1988) дейін талдап, келесідей тұжырымдамалар жасайды: «Жақсы ниет пен идеализм өздігінен шынайы жетістікке жету үшін негіз бола алмайды» және «Туризммен айналысатын кез келген тұлға туризмнің барынша тұрақты формасын дамытуға үлес қосуды үйрену үшін жауапкершілік алады» [6]. Браммуэлл мен Лейн секілді ғалымдар 1993 жылдың өзінде туризмді барынша экологиялық таза етіп жобалау қажеттігін ерекше атап өткен болатын, ол кездегі халықаралық туристер саны бар жоғы 405 миллион адамды құрайтын. Арада 30 жылдай уақыт өтті, қазіргі саяхаттаушылар саны жылына миллиардтаған адамды құрайды, ал аталған күрделі әрі амбицияға толы мақсатқа жету үшін практикалық бағыттағы тәсілдер қажеттілігі өзекті болып отыр.

Тұрақтылыққа қол жеткізу үшін туристік дестинациялар сәйкесінше өздерінің тұрақты даму саясатын құрастыруы қажет [7]. Сонымен қатар, экологиялық және мәдени ресурстар туристік дестинацияларды дамытудың маңызды факторлары болып табылады, сондықтан бұл ресурстарды туризмді тұрақты дамыту саясаты мен дестинация менеджменті тұрғысынан жауапкершілікпен басқарып, дамыту керек [8]. Туристік дестинациялардың әлеуметтік жауапты тәжірибелері тұрақты дамуды қамтамасыз етеді [9]. Бұл зерттеу дамушы туризм мен тұрақты дамудың қиыншылықтарын зерделеуге мүмкіндік беретін танымал туристік дестинация Шортанды-Бурабайға бағытталады.

Шортанды-Бурабай курорттық аймағы - Қазақстанның солтүстігінде, ел астанасы Нұр-Сұлтан және Көкшетау қалаларының арасында орналасқан. Бурабайдың аумағы – 5900 текше м., халқы 2022 жылдың басындағы мәліметтер бойынша 75355 адамды құрайды [10].

Шортанды-Бурабай курорттық аймағының табиғат кешендері тек Қазақстан Республикасының туристерін ғана емес, сонымен қатар таяу және алыс шет ел туристерін де қызықтырады: ол керемет табиғи-климаттық жағдайлары, бай емдеу-тынықтыру ресурстары мен тарихи-мәдени қоры, пайдалы географиялық орналасуы, трансмемлекеттік авиациялық, теміржол және автокөлік магистральдары бар курорттық жерлер.

Шортанды-Бурабай курорттық аймағы (ШБКА) «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғат паркі мен 350-ден астам демалыс және ойын-сауық орындарынан тұрады [11]. Аймақта 167 туристік нысан бар, оның ішінде 45 курорттық санаторийлер, 14 балаларды сауықтыру орталықтары бар. Соңғы статистикалық мәліметтер бойынша, 2020 жылы аймақта 623011 туристке қызмет көрсетілген. Келушілердің басым көпшілігі жексенбілік демалыс күндерін өткізуге келген. Сонымен қатар, курорттық аймақта орналастыру орындарының саны артуда, бұл бір реттік қызмет көрсету санын арттыруға мүмкіндік береді. Егер 2020 жылы 311 қонақ үй жұмыс жасаса, 2021 жылы олардың саны 341 бірлікке жеткен [12].


Аймақ 2008-2017 жылдар аралығында еліміздегі туризм бойынша алғашқы арнайы экономикалық аймақ статусына ие болды. Қазіргі таңда жоспарлы «Бурабай» АЭА инфрақұрылымының құрылысы толықтай аяқталды. АЭА дегеніміз қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін арнайы экономикалық

аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын (кейбір салықтықтардан босатылу, жер телімдерін жеңілдікпен алу, т.с.с.), дәл белгіленген шекаралары бар аудандар болып табылады.

«Бурабай» АЭА территориясында шетелдік «Borovoje Tourism City» ЖШС қатысумен құны 14,1 млрд. теңге жоба жүзеге асырылды, нәтижесінде жаңа 216 тұрақты жұмыс орындары ашылды, 2016 жылдың үшінші тоқсанына дейінгі салықтық түсімдер 0,9 млрд.теңгені құрады. Өндірілген тауарлар мен қызметтер көлемі 24,8 млрд.теңгеге жетті [13].

Шортанды-Бурабай курорттық аймағын дамытуға тартылған инвестиция жыл сайын артуда. Туристерді орналастыру мен сауда саласында қызмет ететін шағын және орта кәсіпкерліктер саны да оң динамика көрсетуде. Тек 2021 жылы ШБКА дамыту үшін 7.8 миллиард теңге бөлінген [14].

Дегенмен, туризм саласының даму қарқыны аймақтың экологиясына кері әсерін тигізуде. Курорттық зонада жиі демалатын қарапайым саяхатшының өзі Бурабай көлдерінің жыл сайын таяздалып, тұнба басып жатқанын байқайды. Әрі бұл процесс қайтымсыз және табиғи үрдіс болып бара жатыр.



Сурет-1. Қоғамдық экологиялық мониторингтің интерактивті картасы [15]

Елдегі экологиялық мәселелер ауаның ластануымен тікелей байланысты. Ластану индексі бойынша Қазақстан әлемде 64 орында. Соңғы бес жылда ластану деңгейі бойынша тұрақты жоғары көрсеткішке ие қалалар: Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Қарағанды, Балқаш және Теміртау қалалары болса, Ақмола облысы бойынша көшбасшы – Шортанды-Бурабай курорттық зонасы. Республикалық деңгейде облыс орташа ластану көрсеткішіне ие, дегенмен аймақта ірі өнеркәсіп саны басқа облыстармен салыстырмалы түрде аз болып саналады. ШБКА-дағы қоршаған ортаның жай күйі мен ластану деңгейіне мониторинг жүргізуге арналған 3 бақылау бекеті бар. 2021 жылы бақылау нәтижелері Шортанды қалашығы мен Бурабай ауылының ластану деңгейін «жоғары» деп бағалады [16]

Бурабай аймағындағы көлдерді демалыс зоналары мақсатында пайдалану көрсеткішінің артуынан туындаған антропогендік жүктеме эвтрофикация

процесін жеделдетуде, яғни адами және табиғи факторлар әсерін судағы биогенді элементтердің артуы, нәтижесінде шөгінді заттар шамадан тыс көбейеді. Бурабай, Шортанды, Қарасу көлдерін экологиялық зерттеу нәтижелері, аталған көл суларының сапасы 3, 4, 5 кластық, яғни «орташа ластанған», «ластанған» және «лас» екенін көрсетті [17].



Сурет-2. Атмосфераға ластаушы заттар шығындыларының көлемі [15]

Жоғарыдағы суретте 2015-2018 жж Бурабай аймағында асмосфераға ластаушы заттар шығындыларының көлемі берілген. Ауаға шығарылатын зиянды заттар көлемі салыстырмалы түрде төмендеу көрсеткішіне ие. 2015 ж ластаушы заттар шығыны 7500 тоннаны құраса, 2018 ж бұл көрсеткіш 5000 тоннаға дейін азайған. Дегенмен, Шортанды-Бурабай курорттық аймағының экологиялық және санитарлық-гигиеналық ахуалы қазіргі таңда өте күрделі жағдайда қалып отыр және орын алған мәселелер, әсіресе ауа, су мен топырақ эрозиясы, шұғыл түрде шешімін табуды талап етеді. Мәселелердің туындау себебі аймақтағы туристік саланың қарқынды дамуымен түсіндірілуде, әсіресе жаздық туристік маусымда ағынды және ауыз суды тұтыну мөлшері күрт жоғарылайды.

Сонымен қатар, туристік аймақтағы тұрмыстық қалдықтар мен қоқыстарды қайта өңдеу немесе жою мәселесінің де шешімі толық табылмаған. Көкшетауға жақын орналасқан қоқыс полигоны бұрыннан жеткіліксіз, оған қоса оның арнайы қоршауы жоқ. Сондықтан қоқысты түсіру ішінара аумақтан тыс та жүзеге асырылып жатады, қалдық түрлері бойынша сұрыпталмайды. Арнайы қорғаныс орман белдеулері мен бұталы қоршаулардың жоқтығынан полигонға іргелес жатқан ауылшаруашылық жерлерінің ластануы орын алуда. Бұл дегеніміз, осының бәрі кейіннен жаңбыр мен қар суымен ілесіп Бурабай көлдеріне сіңіп кететін топырақ.

Жоғарыда тізбектелген экологиялық мәселелер шұғыл шешімін таппаса, рекреациялық ресурстары аймақтағы туристік саланы қарқынды дамытуға мүмкіндік беретін Шортанды Бурабай туристік дестинациясын жақын болашақта жоғалтып алуға септігін тигізуі мүмкін. Ал мәселелердің туындау себебін осы туризм индустриясымен байланыстырған болатынбыз. Яғни, туристік

дестинацияны қалыптастырудың алғышарты ретінде экологиялық үйлесімділікке назар аударылмағандықтан болып отыр. Аймақтағы жергілікті халықтың негізгі табыс көзі туризм болғандықтан, саланы одан әрі тұрақты дамытуды қазірден қолға алу қажет.

Қорытындылай айтсақ, туризм арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу, экожүйенің сезімталдығын қорғау, мәдени дәстүрлерді жандандыру, жергілікті халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін туристік дестинация көшбасшыларында туризмді дамыту мен жергілікті қажеттіліктер арасындағы тепе теңдікті қамтамасыз ететін жоспар болуы керек. Жоғарыда аталып өткен мәселелер туристік дестинацияларды ұйымдастыруда оларды экологиялық тұрғыдан жобалаудың өзектілігін көрсетеді. Бұл тақырып отандық туризм саласын дамытуға жаңа көзқарас қалыптастырып қана қоймай, ғылыми тұрғыдан тиянақты зерттеулерді талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. A practical guide to tourism destination management. – Madrid: WTO, 2007. – P.1
2. Lenzen, M., Sun, Y. Y., Faturay, F., Ting, Y. P., Geschke, A., & Malik, A. (2018). The carbon footprint of global tourism. *Nature Climate Change*, 8(6), 522.
3. United Nations Environment Programme and World Tourism Organization. (2012). *Tourism in the green economy– background report*. Madrid: United National World Tourism Organisation.
4. Midden, C., Kaiser, F., & McCalley, T. (2007). Technology’s four roles in understanding individuals’ conservation of natural resources. *Journal of Social Issues*, 63(1), 155–174.
5. United National World Tourism Organisation (2016) *UNWTO tourism highlights*. Madrid: United National World Tourism Organisation.
6. Bramwell, B., & Lane, B. (1993). Sustainable tourism: An evolving global approach. *Journal of Sustainable Tourism*, 1(1), 1-5.
7. Yuksel, F.; Bramwell, B.; Yuksel, A. Stakeholder interviews and tourism planning at Pamukkale, Turkey. *Tour. Manag.* 1999, 20, 351–360. [CrossRef]
8. Su, L.; Huang, S.; Huang, J. Effects of destination social responsibility and tourism impacts on residents’ support for tourism and perceived quality of life. *J. Hosp. Tour. Res.* 2018, 42, 1039–1057. [CrossRef]
9. Su, L.; Swanson, S.R. The effect of destination social responsibility on tourist environmentally responsible behavior: Compared analysis of first-time and repeat tourists. *Tour. Manag.* 2017, 60, 308–321. [CrossRef]
10. Ақмола облысы статистикалық мәліметтер порталы // [Электронды ресурс]: Кіру тәртібі -<http://www.akmola.stat.kz/public2014/15publicdem.htm>
11. Системный план Боровской курортной зоны
12. Қазақстан туризмі 2016-2020 жж. Статистикалық жинақ. Нұр-Сұлтан 2021.
13. Государственная программа развития туристской отрасли Республики Казахстана 2019 – 2025 годы

14. О. Матасова. Как развивается туризм в Акмолинской области // [Электронды ресурс]: Кіру тәртібі - inform.kz https://www.inform.kz/ru/kak-razvivaetsya-turizm-v-akmolinskoy-oblasti_a3841139

15. Интерактивная карта общественного экологического мониторинга // [Электронды ресурс]: Кіру тәртібі - <https://ecokarta.kz/>

16. Қоршаған ортаны бағалау және мониторингілеудің экологиялық индикаторлары // [Электронды ресурс]: Кіру тәртібі - https://stat.gov.kz/for_users/ecologic_indicators/ecologic_indicator/ecologicIndicator_A

17. С.С. Кожухова (2010) «Экологическая обстановка Щучинско-Боровской курортной зоны». Вестник КарГУ, город Караганда. // [Электронды ресурс: <https://articlekz.com/article/6574>]

ӨНІРЛІК БРЕНДТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӨНІРДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУШІ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Жаркенова Б.Р.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: banufashion@mail.ru

Әлемдік экономикалық дамуындағы маңызды заңдылықтардың бірі болып, экономикалық өсудің өзара байланысы және ұлттық экономикадағы қызметтердің рөлін арттыру болып табылады. Дүниежүзілік мамандардың пікірі бойынша қызмет көрсету салысында туризмнің алатын орны ерекше екенін айтады. Туризмді дамытып қана қоймай тартымды өнім жасай отырып оны нарықта үйлесімді жылжыту арқылы, өнімнің әлеуетін жоғарлату стратегиясына бағыттауға болады.

Бүгінгі таңда Қазақстан өнімдерінің бәсекеге қаблеттілігін арттыру мақсатында өнімнің тартымды бейнесін қалыптастыру арқылы, яғни өнімдік бренд құру үрдісін басты мақсатқа алып отыр. Мультипликативті әсерге ие туризм саласы бүгінде ұлттық байлықты өсіру және халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту факторы ретінде, қазіргі әлемдік экономиканың жоғары тиімді секторларының бірі ретінде анықталып отыр.

Жалпы бренд ұғымы ағылшын тілінен енген термин (brand – «клеймо») тұтынушылардың санасында тұрақты орныққан қызметке немесе өнімге деген ассоциациялардың және бағалаудағы пайымдаулардың кешені деуімізге болады [1]. Мамандандырылған әдебиеттерде «бренд» ұғымына көптеген анықтамалар беріледі, себебі бұл ұғымды әр маман өз саласына сай етіп қарастырды, бірақ сайып келгенде барлық анықтамалардың ортақ сипаты тұтынушылардың тауар немесе қызмет туралы ақпарат беретін белгі ретінде қарастыруға болатынын айтып өткен жөн.